



Автор: Анешова Гулден Нұржанқызы

Пән: Биология

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Заттардың тасымалдануы

Тақырып: Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу шаралары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	8.4.3.1-қарапайымдылар, саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустардың қоздыруынан туындайтын аурулардың ерекшеліктерін және алдын алу шараларын сипаттау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Мәтінді оқып, мазмұнын түсінеді, ағзаға енетін жұқпалы аурулардың қоздырғыштарын біледі. Оқушылардың басым бөлігі: Жұқпалы аурулардың таралу жолдарын сипаттайды, ауру белгілерін сипаттайды. Кейбір оқушылар: Жұқпалы аурулардың алдын алу туралы жаднама жасайды.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты термин сөздер: Лейшмания-leishmania Фитофтороз-late blight Герпес-herpes Күл-ash Тырысқақ-quicke Дизентерия-dysentery
Бағалау критерийлері:	- Мәтінді оқу арқылы жұқпалы аурулар қоздырғыштарын, олардан туындайтын ауруларды жүйелейді, сипаттайды -Мәтінді оқу арқылы жұқпалы аурулардан сақтану және олардың алдын алу шараларын қарастырады
Құндылықтарды дарыту:	Зайырлы қоғам және жоғары руханият құндылығы бойынша адамзат денсаулығын тұрақтандыру мақсатында жұқпалы аурулардың алдын алу мен болдырмау жолдарын сақтай отырып, экологиялық өрлеу жолындағы салауатты өмір жолын қалыптастыру
Пәнаралық байланыс:	Өзін-өзі тану пәні бойынша салауатты өмір салтын ұстану. Гигиеналық тазалықты сақтау
Бастапқы білім:	5-6 сыныптың жаратылыстану пәнінен тірі ағзалардың сан алуан түрлілігін, олардың сипаттамасын біледі. 7 сыныптың пәнінен ауру тудыратын бактериялармен күресу тәсілдерін біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Оқушылармен амандасу, оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал «Жүректен жүрекке» стратегиясы (оқушылар жанындағы досының көңіл күйін көтеру мақсатында бір-біріне жылы сөздер айтады) Топқа бөлу әдісі: «Түсті ленталар» Сынып осы әдіс арқылы, «Сақтық» «Тазалық» «Қорғану» «Күресу» топтарға бөлінеді. Қарапайымдылар,саңырауқұлақтар, бактериялар мен вирустар арқылы таралатын аурулардың суретін тақтаға ілу арқылы тақырыпты ашу. Өткен тақырыпты еске түсіру Барлық оқушыларға «Сұрақты ұстап ал» әдісі 1. Ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұру қасиеті қалай аталады? (Иммунитет) 2. Иммунитет туралы ілімнің негізін салушы? (И.И. Мечников және П.Эрлих) 3. Ағзаны жұқпалы аурулардан қорғайтын қанның жасушасы? (Лейкоцит) 4. Фагоцитоз дегеніміз? (Қатты бөлшектерді жасушалардың ұстап қалуы) 5. Лейкоциттердің неше типі бар? (5) 6.Жасушалық және гуморальдық иммунитет дегеніміз не? (Микробтарды жою әдісі жасушалық, антидене-гуморальдық) 7. Антиденелер дегеніміз не? (антиденелер-лимфоциттердің кейбір түрлерін бөгде заттардың-антигендердің енуіне жауап беретін ерекше нәруыздар) 8. ЖИТС белгілері (қалтырау, жаралар пайда болады, дене температурасы көтеріледі, іші өтеді, арықтайды, шаршайды, өкпесі қабынады) 9. АВЖ-ның жұғу жолдары (жыныстық қарым-қатынас, қан құю және егу) 10. Лимфоциттердің түрлері (Т-лимфоциттер, В-лимфоциттер). ҚБ: «От шашу» әдісі	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (15 минут)	1-тапсырма: Топтық жұмыс. Джигсо әдісі: оқушылар тақырыптың негізгі идеясы мен ұғымдарын топтарда талқылайды. Топтар бір-біріне өзара түсіндіру арқылы тапсырманы орындайды. 1-топтың тапсырмасы: Амеба дизентериясы, оба ауруларына мәлімет беру. 2-топтың тапсырмасы: Тырысқақ, күл ауруларына мәлімет беру. 3-топтың тапсырмасы: Лейшманиоз, герпес ауруларына мәлімет беру. 4-топтың тапсырмасы: Фитофтороз ауруына мәлімет беру. Дескриптор: - жұқпалы ауруларды суреттер арқылы ажырата алады - Жұқпалы аурулар түріне түсініктеме бере алады ҚБ. «Үш шапалақ» әдісі 2-тапсырма: Жұптық жұмыс «Топтық тергеу» әдісі. 1-топ. Баяндап берушілер. Тапсырма: Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу жолдары туралы мәтінді оқып, өз көзқарастарын қосып баяндайды. 2-топ. Зерттеушілер. Тапсырма: Бактериялық және вирустық аурулардың түрлерін ажыратады. 3-топ. Сілтеме табушылар. Тапсырма: Мәтін мазмұнына сәйкес жұқпалы аурулардың сәйкестігін анықтайды. 1. Вирустар тудыратын аурулар- 2. Бактериялар тудыратын аурулар- А.Қантышқақ В. Оба С.Фитофтороз Д. Лейшманиоз Е. Күл F. Герпес 4-топ. Жұқпалы аурулар туралы кестенің құрам бөліктерін сипаттап, алдын алу шараларына тұжырым жасайды.	
Сабақтың соңы (15 минут)	Иесі Зақымдайтын орны Келтіретін зияны Таратушысы Лейшманиоз Амеба дизентериясы Тырысқақ Дескриптор: - Жұқпалы аурулар және олардың алдын алу жолдарын біледі; - Бактериялық және вирустық аурулардың түрлерін ажырата алады; ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» 3-тапсырма. Эссе «Шынайы өмірде кең таралған жұқпалы аурулар» (7-8 сөйлем) Дескриптор: - тақырып мазмұнының ашылуы - сөз саптау шеберлігі - ойын толық жеткізуі ҚБ.	
Рефлексия (5 минут)	«Блоб ағашы»	